

"Сейфуллин оқулары– 14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру - жаңа даму кезені » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация - новый этап развития». -2018. - Т.1, Ч.1. - Б.80-83.

## ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА МИНЕРАЛДЫ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

*Әли А.Ж.*

Қарағанды облысы – Қазақстан Республикасының орталығында орналасқан. Климаты тым континенттік және өте құрғақ. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері көпшілік жерде 200-300 мм, Шығыс бөлігінде 330 мм түседі [1], орта тәулік температурасы +10°С жоғары Қарқаралы, Ақтоғай аудандарында 2000°С жуық. Абай, Нұра, Осакаров ауданының Солтүстік-Шығыс, Қарқаралы ауданының Солтүстік-Шығыс кіреді. ГТК - 0,7-0,8. Әсерлі температуралар жиынтығы 2000-2200°С [2].

Жер аумағы 428 мың км<sup>2</sup> [3], ауыл шаруашылығы дақылдары егілген жердің ауданы 1 млн га 1 - кестеде көрсетілгендей [4].

1 – кесте. Негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының нақтыланған егіс алқабы

Дақылдар	Нақтыланған егіс алқабы, га	
	2017ж.	2017ж. 2016ж. %-бен
Жалпы алқап	1 122 950,4	104,9
Дәнділер және бұршақты дақылдар	795 782,2	106,6
Соның ішінде:		
бидай	630 318,5	103,8
АРПА	141 105,9	120,2
Сұлы	15 545,0	88,1
қарақұмық	50,0	-
Масақ қоспасы	2 416,0	155,0
кептірілген, аршылған бұршақты көкөністер	6 345,5	631,1
Жасыл ірі бұршақ көкөністері	1,3	50,4
<b>Майлы дақылдар</b>	<b>15 125,2</b>	<b>112,2</b>
Көкөністер және бақша дақылдары, тамыржемістілер және түйнекжемістілер	16 259,9	96,9
Соның ішінде:		


Ашық топырақта өсірілген көкөністер	2 835,6	94,3
Бакша дақылдар	24,4	130,3
Картоп	13 399,9	97,4
Мал азықтықдақылдар	295 783,1	100,6
одан:		
Азықтық жүгері	428,0	224,7

1 - кестеге сәйкес дәнді және бұршақ дақылдардың егіс алқабы 795,7 мың га яғни жалпы егістің 70,8 % алып жатыр, майлы дақылдар егісі 15,1 мың га 1,3 %.

Қарағанды облысы Сарыарқаның оңтүстік жарты бөлігінде орналасқан. Қиыр батысын Торғай қолатының шығысы мен Тұран ойпатының солтүстік-шығысы, солтүстігін Теңіз – Қорғалжын ойысы, Есіл жазығы, Ерейментау, Қызылтау және басқа ұсақ таулар, шығысында Ащысу, Дағанделі өзендерінің аңғары, оңтүстігін Бетпақдала сазды шөлі мен Балқаш көлі алып жатыр. Бедері негізінен ұсақ шоқылы, төбелі-белесті болып келеді [5].

Өсімдік жамылғысы алуан түрлі 850 ден аса гүлді өсімдіктердің түрі таралған. Бетегілі – селеулі құрғақ зонасына жатады [6].

Топырақ жамылғысы 1 - сурет Құрғақ дала зонасының басым бөлігін



кара - қоңыр топырақтар алып жатыр.





Күңгірт  
қара  
қоңыр  
топырақ




Ашық қара  
қоңыр  
топырақ

Күңгірт сұр  
топырақ


1 – сурет. Қарағанды обылысының топырақ жамылғысы

1 - суретке сәйкес Қарағанды облысының Осакаров және Қарқаралы аудандарының аз бөлігін қара топырақтар алып жатыр, Күңгірт қара қоңыр топырақтар Осакаров, Теміртау қаласы, Қарағанды қаласы, Қарқаралы аудандарында таралған, қоңыр топырақтар Саран қаласын, Қарқаралы ауданының оңтүстік бөлігінде таралған, ашық қара қоңыр топырақтар Қарағанды облысының басым бөлігінде таралған [5].

Ауыл шаруашылығында тыңайтқыштарды тиімді пайдалану үшін әрбір аймақ топырақтарының ерекшеліктерін жете білу керек [6]. Агроөндірістік кешені аясында егіншілікте астық дақылдардан тұрақты өнім алу мақсатында минералды тыңайтқыштарды пайдаланады. Қарағанды облысының егістікке жарамды 70 % жерлердің топырақтарындағы жылжымалы фосфор мөлшері төмен 2 - сурет, ал алмаспалы калиймен қамтамасыз етілуіне байлынысты жоғары (3 - сурет) [6].



2 - сурет Қарағанды облысы жағдайында жылжымалы фосформен қамтамасыз етілуі, мың.га



3 - сурет Қарағанды облысы жағдайында алмаспалы калиймен қамтамасыз етілуі, мың.га

3 - кестеге сәйкес барлық егістікке жарамды жерлердің 40,5 % яғни 1034,6 мың.га алмаспалы калиймен жоғары мөлшерде қамтамасыз етілген, өте жоғары 32,3 % 825,6 мың.га.

Қарағанды облысы бойынша минералды тыңайтқыштарды пайдалану көрсеткіші 2 кестеге сәйкес [1].

2 - кесте Қарағанды облысы бойынша минералды тыңайтқыштарды пайдалануы

облыс	Жалпы көлемі, тонна	Тыңайтқыш енгізілген алқап, мың.га
Қарағанды	7131,5	122813,0

Қорыта келгенде топырақтағы қоректік элементтердің яғни азоттың топырақтағы органикалық бөлігіне байланысты және фосфордың аз болуы, алмаспалы калийдің жоғары болуы минералды тыңайтқыштарды пайдалану қажеттілігін көрсетеді. Қазіргі заманға сәйкес топырақ құнарлығын төмендетпей ауыл шаруашылығы дақылдарынан тұрақты өнім алға қол жеткізу мақсатында тыңайтқыш қолдану жүйесін құрастыру керек.

### Әдебиеттер тізімі

1. Internet шаг за шагом [Электронный ресурс]: режим доступа <https://ru.climate-data.org/region/2228/>

2. Шаханова Е.Ш. Система ведения сельского хозяйства Карагандинской области Рекомендации под общии редакцией : Караганда, 2005 год. - 11 бет

3. Шаханова Е.Ш. Система ведения сельского хозяйства Карагандинской области Рекомендации под общии редакцией : Караганда, 2005 год. - 17 бет

4. Елешов Р., Сапаров А., Балғабаев Ә., Туктугулов Е. Агрохимия және тыңайтқыш қолдану: Алматы, 2010 жыл. - 309 бет.

5. Шаханова Е.Ш. Система ведения сельского хозяйства Карагандинской области Рекомендации под общии редакцией : Караганда, 2005 год. - 81-86 беттер

6. Internet шаг за шагом [Электронный ресурс]: режим доступа <http://www.krgagri.kz/analiticheskaya-informaciya.html>

*Ғылыми жетекші: Кульжанова С.М., г.ғ.к., аға оқытушы*